



021000, Ақмола облысы
Жақсы ауылы, Абей көшесі, 33Б
Телефон 8(71635) 21 7 04
E-mail: jaqsy_edu@aqmola.gov.kz

021000, Ақмола облысы,
с. Жақсы, ул. Абая, 33Б
телефон 8 (71635) 21 7 04
E-mail: jaqsy_edu@aqmola.gov.kz

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жыл 02 қазан № 02-01- 296

2024 жылдың қазан айындағы
ауыл мектептерінің 9-11 сынып
оқушыларына арналған
жалпы білім беретін пәндер бойынша
республикалық олимпиаданың
II (іріктеу) аудандық кезеңін өткізу туралы

Ақмола облысы білім басқармасының «Ақмола дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» КММ 27 қыркүйек 2024 жылғы № 345 хатының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 жылдың қазан айының 09 – 11 күндері ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың екінші (іріктеу) аудандық кезеңі берілген қосымша кестеге сәйкес Жақсы ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебінің базасында ұйымдастырылып өткізілсін. (Қосымша 1)
2. Ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың екінші (іріктеу) аудандық кезеңіне қатысушылардың тізімі бекітілсін. (Қосымша 2)
3. Білім беру ұйымдарының басшылары берілген 1, 2 қосымшаларға сәйкес олимпиадаға қатысушыларды Жақсы ауылының №2 ЖОББМ базасына келуін қамтамасыз етсін.
4. Оқушылардың жолда жүру уақытымен олимпиадаға қатысу кезіндегі өмірімен қауіпсіздігіне жетекші педагогтарды бұйрықпен тағайындап, жедел медициналық жәрдем, жол патруль полициясы қызметі кезекшілігінің ілесіп жүруін білім беру ұйымдарының басшылары ұйымдастырсын.
5. Олимпиаданың өтетін орнында (тірек мектебінде) олимпиада өту кезінде Академиялық адалдықтың сақталуын мектеп директоры Саутова А.С., білім бөлімі әдістемелік кабинет меңгерушісі Мактумова А.Б., әдістемелік кабинет әдіскері Аманжол Ә.Б. қамтамасыз етсін.
6. Олимпиада өтуі кезінде олимпиада өтетін орнында (тірек мектебінде) мектеп директоры Саутова А.С. кезекшілікті ұйымдастырсын.
7. Білім беру ұйымдарының басшылары олимпиадаға келетін оқушылардың

ата- анасынан фото – видеоға рұқсаттама, сол мектепте екі жыл оқиды деген анықтама, санитарлық – эпидемиологиялық құжаттармен бірге келуін қамтамасыз етсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуы аудандық әдістемелік кабинет меңгерушісі Мактумова А.Б. жүктелсін.

Басшы



Кадырова Г.Е.

Бұйрықпен таныстым:

А. Мактумова

Ә. Аманжол